



Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2026 жылғы 3 маусымдағы № 105 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 5 маусымда № 38907 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.

Н. Шарбиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 59) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді және жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

8, 9, 10 және 11-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің қарауына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 84-бабына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтінімді одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

9. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды өтінімде көрсетілген деректер мен мәліметтердің және ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің сәйкестігі тұрғысынан қарайды және өтінім келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында рұқсат не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады және Портал арқылы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 6-қосымшада жазылған.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сатысы туралы деректердің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген

талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

5-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығының аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 18-03/57 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10415 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығының аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу қағидаларында:

2-тармақтың 2), 3) және 5) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"2) сертификат – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қауымдастық цифрлық немесе қағаз нысанда беретін аңшылық минимум бойынша емтихан тапсырғанын растайтын құжат;

3) тестілеу – тыңдаушының таңдауы бойынша цифрлық немесе қағаз нысанда тест сұрақтары бойынша тыңдаушылардың аңшылық минимумының білімін тексеру;

5) цифрлық жүйе – цифрлық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Тыңдаушы аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсыру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 10 сәуірде № 25-03-02/95 "Аңшылық минимумын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7545 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес 16 сағат ішінде аңшылық минимумы бойынша оқудан өтеді.

Аңшылық минимумға оқыту цифрлық жүйе арқылы немесе қауымдастықтың оқу сыныптарында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі –

Мерекелер туралы Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жүргізіледі.

Аңшылық минимум бойынша емтихан Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін цифрлық немесе цифрлық форматта тестілеу түрінде өткізіледі:

1) аңшылық минимумы бойынша емтиханды қағаз форматта өткізу тыңдаушының еркін нысандағы жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Тестілеуді аудио және видео жазу құрылғыларын қағаз форматта тіркеу арқылы емтихан комиссиялары (бұдан әрі – комиссия) өтініш түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қауымдастықтың филиалдарында немесе өкілдіктерінде өткізеді.

Комиссия қауымдастық филиалы немесе өкілдігі басшысының бұйрығымен кемінде үш адамнан құрылады.

Аңшылық минимум бойынша емтихан тапсырған жағдайда жауапты орындаушы тыңдаушыға 1 (бір) сағат ішінде сертификат береді.

Аңшылық минимум бойынша тестілеудің теріс нәтижесін алған жағдайда, тыңдаушылар соңғы тестілеу уақытынан кейін кемінде күнтізбелік 1 (бір) күн өткен соң тестілеуді қайта өтуге құқылы.;

2) тыңдаушының аңшылық минимум бойынша тестілеу цифрлық форматта өтуіне рұқсат беруді цифрлық жүйе тыңдаушы қауымдастықтың цифрлық жүйесінде авторландырылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін автоматты түрде береді.

Аңшылық минимум бойынша емтихан тапсырған жағдайда сертификат автоматты түрде қалыптастырылады және 15 (он бес) минут ішінде тыңдаушының жеке кабинетіне жіберіледі.

Аңшылық минимум бойынша тестілеудің теріс нәтижесін алған жағдайда, тыңдаушылар соңғы тестілеу уақытынан кейін кемінде күнтізбелік 1 (бір) күн өткен соң тестілеуді қайта өтуге құқылы.";

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Тестілеу нәтижелері бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда, тыңдаушы үш жұмыс күні ішінде жазбаша немесе цифрлық нысанда тестілеу нәтижелерін қайта қарауға емтихан комиссиясына жүгіне алады.

Тестілеу нәтижелерін қайта қарау туралы тыңдаушының өтінішін комиссия екі жұмыс күні ішінде қарайды.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Сертификат аңшы куәлігін беру үшін негіз болып табылады.

Қағаз форматта берілген сертификат осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (тігілген, нөмірленген, қауымдастықтың мөрімен расталған) аңшылық минимум бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификаттарды тіркеу журналында тіркеледі, онда сертификаттар бланкілерінің қозғалысын есепке алу жүргізіледі.

Сертификаттарды цифрлық форматта нөмірлеу мен тіркеуді цифрлық жүйе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылық минимум бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификаттар тізілімінде автоматты түрде қалыптастырады.";

3. "Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/153 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11623 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 60) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 60) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды жүргізуге рұқсат беру (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

4, 5, 6 және 7-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беруге өтінім (бұдан әрі – өтінім) "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық түрде көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет құжаттардың тізбесі:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған цифрлық құжат нысанындағы өтінім;

2) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге арналған биологиялық негіздеменің цифрлық көшірмесі.

"Жануарларды интродукциялауға, реинтродукциялауға және гибридтеуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада баяндалған.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не жеке кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Өтінім беру кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды Портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге қарауға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтінімді одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

6. Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған цифрлық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

Рұқсаттың қолданылу мерзімі бір күнтізбелік жылдан аспайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің негізгі талаптарының тізбесінде баяндалған мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші теріс жауап берген кезде уәжді бас тартуды ресімдеп, жолдайды.

7. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректер енгізуді қамтамасыз етеді.";

1-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/143 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11935 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 52) тармақшасына "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілген қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленеді және

аумағында құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру тәртібін айқындайды.";

7, 8, 9 және 10 -тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат алуға өтініш;

2) жеке мақсатта импорттауды, экспорттауды және (немесе) кері экспорттауды жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, осы импорттау, экспорттау және (немесе) кері экспорттау туралы ниетін растайтын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың цифрлық көшірмесін;

3) үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде, егер үлгі Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген жағдайда, экспорттауға арналған рұқсаттың немесе кері экспорттауға арналған сертификаттың цифрлық көшірмесін;

4) ғылыми ұйым қорытындысының цифрлық көшірмесін;

5) жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағында табиғи мекендеу ортасынан алу жағдайында, цифрлық құжат нысанындағы аң аулауға арналған рұқсатын береді.

8. Құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус жіберіледі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы мәліметтерді Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға , Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат беру үшін бюджетке мемлекеттік баж төлеуді, аң аулауға рұқсатты көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні рұқсат алуға келіп түскен өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне орындауға береді (көрсетілетін қызметті алушы сағат 18.00-ден кейін немесе Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамның ЭЦҚ-сымен қол қойылған цифрлық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Құжаттар топтамасы толық болған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға сәйкестігін қарайды және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат беру туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған цифрлық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру орны туралы хабарлама жіберіледі.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік маңызы бар қызметті көрсетуден бас тартады:

1) мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы , соның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылуы негіздері бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

5) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 19-1-бабының 6) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетуден бас тартады .";

1-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетті атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10702 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жолдама беру қағидаларында:

2, 3, 4, 5 және 6-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) цифрлық жүйенің әкімшісі – цифрлық жүйенің жұмыс істеуі мәселелері бойынша пайдаланушылардың өтінімдеріне жедел ден қоюды жүзеге асыратын және жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін тұлға;

2) цифрлық жүйе – жолдамаларды электрондық нысанда беруді қамтамасыз ететін жүйе.

3. Цифрлық жүйенің әкімшісі электрондық жүйенің жұмыс істеуі мәселелері бойынша пайдаланушылардың өтінімдеріне жедел ден қоюды жүзеге асырады және жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

4. Цифрлық жүйе мереке және демалыс күндерін қоса алғанда, қазақ және орыс тілдерінде, тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді.

5. Цифрлық жүйенің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында цифрлық жүйенің әкімшісі:

1) берілген жолдамалар бойынша автоматтандырылған есепке алуды, жүйе істен шыққан немесе бүлінген жағдайда ақпараттың сақталуын, қорғалуын, қалпына келтірілуін;

2) аңшылық шаруашылығы субъектісінің дербес деректерін жинау және өңдеу, сондай-ақ оларға "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес қол жетімділігін;

3) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерімен және ақпараттандырудың өзге де объектілерімен өзара іс-қимыл жасауын;

4) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сұрау келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның сұрауы бойынша берілген жолдамалар жөнінде есеп ұсынуды;

5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті тұлғаларға цифрлық жүйеге қол жеткізіп беруді қамтамасыз етеді.

6. Жолдама аңшылық шаруашылығы субъектісінің жеке тұлғаларына олардың өтініші бойынша (ауызша немесе жазбаша) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты болған кезде жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатында бекітілген аңшылық алқаптарға бару үшін беріледі.

Жолдама аңшылық шаруашылығы субъектісінің жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты болған кезде қағаз немесе цифрлық нысанда жеке тұлғаларға олардың өтініші бойынша ауызша, сондай-ақ жануарлар дүниесін алып қою мақсатында бекітілген аңшылық шаруашылықтарына бару үшін қағаз немесе цифрлық нысанда беріледі.

Жеке тұлға цифрлық форматта жолдама алуға өтініш білдірген жағдайда ол осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша автоматты түрде қалыптастырылады және оның жеке кабинетіне жіберіледі.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Аңшылық шаруашылығы субъектілері жолдамаларды қағаз жеткізгіште берген жағдайда оларды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға тіркейді. Журнал нөмірленеді, тігіледі және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мөрімен куәландырылады.

Аңшылық шаруашылығы субъектілері жолдамаларды цифрлық форматта берген жағдайда олар осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша автоматты түрде тіркеледі және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы инспектордың жеке кабинетіне жіберіледі.";

6. "Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-04/149 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10865 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Заң) 9-бабы 1-тармағының 56) тармақшасына сәйкес әзірленді және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің арасында квоталарды бөлу тәртібін белгілейді.";

2-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шұғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;"

6, 7 және 8-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"6. "Бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға квоталар бөлу" мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидалардың 1-қосымшасында жазылған.

Көрсетілетін қызмет беруші осы Қағидаларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы нормативтік құқықтық акті бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

8. Электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында жібереді.";

12 және 13-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы;

5) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңы 19-1-бабының 6) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетуден бас тартады .".

13. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

27-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"27. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушының әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы көрсетілетін қызметті алушыға белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңы 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.";

1-қосымша осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Аңшылық алқаптарын бекітіп беру жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11227 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшылық алқаптарын бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларында:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы баға – конкурстың екінші кезеңі барысында қалыптасатын конкурс нысанасының бағасы;

2) аукциондық зал – конкурстың екінші кезеңін өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі ;

3) аумақтық бөлімшелер – ведомствоның аумақтық бөлімшелері;

4) басталатын баға – конкурстың әрбір нысаны бойынша конкурстың екінші кезеңі басталатын баға;

5) бастапқы баға – осы Қағидалардың 9 және 10 – тармақтарына сәйкес конкурс ұйымдастырушылары айқындайтын және белгілейтін баға;

6) ведомство – уәкілетті органның құзыреті шегінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы стратегиялық, реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) геоақпараттық сервис – жүргізілген шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру бойынша цифрлық картада графикалық және мәтіндік түрдегі ақпаратты орналастыруға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйенің сервисі;

8) жануарлар дүниесін пайдаланушылар – "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңға сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар;

9) жеңімпаз – конкурс нысанасы үшін ең жоғары баға ұсынған конкурсқа қатысушы ;

10) кепілдік жарна – қатысушы конкурсқа қатысу үшін енгізетін ақша сомасы;

11) конкурстың нысанасы – конкурс жеңімпазына бекітіліп берілетін аңшылық алқапта аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығы;

12) конкурс – конкурс жеңімпазына аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығын беруге бағытталған сауда-саттық нысаны, бұл ретте жеңімпазды айқындаудың басты өлшемі қатысушылар ұсынатын баға болып табылады;

13) конкурсқа қатысушының нөмірі – Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде конкурсқа қатысу үшін қатысушыға тізілім веб-порталы беретін бірегей нөмір;

14) конкурсты ұйымдастырушы – конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асыратын және Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес бірыңғай оператормен өзара іс-қимыл жасайтын облыстық жергілікті атқарушы орган;

15) қатысушы – конкурсқа қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген және өтінімді тізілімнің веб-порталы арқылы ұсынған жеке немесе заңды тұлға;

16) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру және есепке алу саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін басқару және пайдалану жөніндегі функциялар жүктелген жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға;

17) объект – аңшылық алқаптар;

18) объектінің электрондық паспорты (бұдан әрі – электрондық паспорт) – объект туралы толық ақпаратты қамтитын электрондық құжат;

19) түпкілікті баға – конкурстың екінші кезеңін аяқтау нәтижесінде белгіленген конкурс мәнінің бағасы;

20) тізілімнің веб-порталы (бұдан әрі – веб портал) – www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан, тізілім деректеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін интернет-ресурс;

21) уәкілетті орган – мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, басқару процестерін үйлестіру салаларында, оның ішінде орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

22) шарт – ведомствоның аумақтық бөлімшесі мен конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз арасында веб-порталда электрондық түрде жасалатын аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған екі жақты келісім;

23) цифрлық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілегін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.";

8. Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 18-03/577 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11800 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықта бекітілген Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында цифрлық нысанда жүргізеді.

Есепке алу, оның кадастры мен мониторингін жүргізу үшін мәліметтер жинауды уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алады және мәліметтерді уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне береді.";

10, 11 және 12 -тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"10.Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің кадастры цифрлық нысанда жабайы жануарлар түрлерінің таралуы, биологиялық жай-күйі, саны, шаруашылық мақсатта пайдаланылу сипаты мен қарқындылығы туралы қажетті мәліметтер мен құжаттар жүйесін қамтиды.

11. Жануарлар дүниесінің кадастры аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша жүргізіледі.

12. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйегіндегі № 359 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24277 болып тіркелген) сәйкес мемлекеттік кадастрлардың бірыңғай жүйесін жүргізу кадастрлық кітап нысанында және деректерді цифрлық интеграция құралдары арқылы цифрлық түрде беру жүргізіледі."

9. "Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19960 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықта бекітілген Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларында:

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 7-қосымшада жазылған.";

18 және 19-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Қызмет көрсетушінің қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер туралы заң) сәйкес қызмет көрсетушінің басшысының атына және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік қызметтер туралы Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

19. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңы 4-бабының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.";

2-қосымша осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

10. "Әкімшілік органның құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 10 маусымдағы № 138 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20856 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықта бекітілген әкімшілік органның құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттар беру қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 18-4) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін

қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру тәртібін айқындайды.";

7, 8 және 9 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"7. мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) мынадай құжаттарды :

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған цифрлық құжат нысанында Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат алуға өтінімін;

2) ғылыми ұйым қорытындысының цифрлық көшірмесін береді.

8. Құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус жіберіледі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы, орман билеті туралы, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру үшін бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын мәліметтерді тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған цифрлық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру орны туралы хабарлама жіберіледі.";

9. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні рұқсат алуға келіп түскен өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне орындауға береді (көрсетілетін қызметті алушы сағат 17:00-ден кейін немесе Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамның ЭЦҚ-сымен қол қойылған цифрлық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Құжаттар топтамасы толық болған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Конвенцияға сәйкестігін қарайды және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат беру туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған цифрлық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру орны туралы хабарлама жіберіледі.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

1-қосымша осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2-қосымша осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3-қосымша осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

11. "Жануарлар дүниесі және орман шаруашылығы объектілерінің экспортын лицензиялау саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 187 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21082 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН
:";

көрсетілген бұйрықта бекітілген Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия беру мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1, 2, 3 және 4-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1 және (немесе) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тірі жабайы жануарлардың, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктердің және жабайы өсетін дәрілік шикізаттың экспортына лицензия алу үшін "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажет құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) цифрлық көшірмесі, оған қосымшалар және (немесе) толықтырулар (біржолғы лицензия үшін), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге құжаттың көшірмесі;

егер мұндай қызмет түрі Қазақстан Республикасының аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымымен байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның немесе лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы туралы мәліметтердің цифрлық көшірмесі;

"цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың цифрлық көшірмесі;

осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың цифрлық көшірмесі;

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

ЦҮТШ арқылы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың цифрлық көшірмесі;

мемлекеттік цифрлық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың цифрлық көшірмесі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда жазылған.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не жеке кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Өтініш беру кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметкесұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

4. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге қарауға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған цифрлық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындап, оны көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.";

6, 7, және 8-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиатты қайта тіркеген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиатты бірігу, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғаға қосу, бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастыру;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (лицензияда мекенжайы көрсетілген жағдайда);

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетілген лицензияға қосымшалар үшін нақты орын ауыстырусыз объектінің орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

6) қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады,

7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу, егер жеке кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілерді көрсете отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендердің атауларын, көшелердің атауларын өзгертумен байланысты болса, Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жүзеге асырылмайды.

Лицензияларға қосымшаларда көрсетілген лицензиаттар мен объектілердің мекенжайларының осындай өзгерулері мемлекеттік цифрлық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңы 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.;

1-қосымша осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбеге 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбеге 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықта бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1034 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы тірі жануарлар мен жабайы өсетін өсімдіктер түрлерінің экспортына лицензия беру мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1, 2 және 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1."Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы тірі жануарлар мен жабайы өсетін өсімдіктер түрлерінің экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы тірі жануарлар мен жабайы өсетін өсімдіктер түрлерінің экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1 және (немесе) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1034 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы тірі жануарлар мен жабайы өсетін өсімдіктер түрлерінің экспортына лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алу үшін "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтініш береді.

Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) цифрлық көшірмесі, оған қосымшалар және (немесе) толықтырулар (біржолғы лицензия үшін), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарт) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге құжаттың көшірмесі;

"цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың цифрлық көшірмесі;

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

ЦҮТШ арқылы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың цифрлық көшірмесі;

мемлекеттік цифрлық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың цифрлық көшірмесі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда жазылған.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не жеке кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.";

6-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу, егер жеке кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілерді көрсете отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендердің атауларын, көшелердің атауларын өзгертумен байланысты болса, Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жүзеге асырылмайды.

Лицензияларға қосымшаларда көрсетілген лицензиаттар мен объектілердің мекенжайларының осындай өзгерулері мемлекеттік цифрлық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.";

7 және 8-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты біріңғай байланыс орталығына және "цифрлық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.";

1-қосымша осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбеге 21-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбеге 22-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

12. "Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22000 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН .";

көрсетілген бұйрықта бекітілген "Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1, 2, 3, 4, 5 және 6-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және (немесе) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

3. Электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беруге арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық түрде көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

Мемлекеттік қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін, мемлекеттік қызметті көрсету нысанын, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, жұмыс кестесі көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің тізбесі, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер "Саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не жеке кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті цифрлық жүйелерден алады.

Өтінімді беру кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы Портал арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде оның "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

4. Портал көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін жұмыс күні ішінде жиырма минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз автоматты түрде өңдеп қалыптастырады және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне Порталдың көліктік қолтаңбасын қою арқылы рәсімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес Порталдың көліктік қолтаңбасымен куәландырылған цифрлық құжат нысанында не биологиялық негіздемеде көзделген лимиттің болмауына байланысты Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес дәлелді бас тарту түрінде жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" цифрлық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

5. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақау анықталған сәттен бастап дереу "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, өтініш бойынша әкімшілік құжаттың нөмірі және коды, немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі және коды, немесе рұқсат құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі бойынша ақпаратты міндетті түрде көрсету арқылы, авторизациялау сәтінен бастап қатенің нақты уақытын көрсете отырып, қате пайда болған сәтке дейінгі қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып бірыңғай қолдау қызметі sd@nitec.kz электрондық поштасына сұрау салуды жіберу арқылы хабардар етеді.

6. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

1-қосымша осы тізбеге 23-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 24-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбесіне 1-қосымша
Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсаттар
беру қағидаларына
5-қосымша

Нысан

((кімге)_____

(заңды тұлғаның толық атауы,
көрсетілетін қызметті берушінің
тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

(кімнен) _____

(көрсетілетін қызмет
алушының толық атауы)
мекенжайы

(индексі, облыс, қала, аудан,
көше, үй №, пәтер № (бар
болса), телефон) көрсетілетін
қызметті алушының
деректемелері

Өтінім

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат" беруді сұраймын (аң аулауға, өсімін молайту мақсатына, жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індеттің алдын алу мақсатында

пайдалануға) _____

Пайдалану түрі: _____

Алу мақсаты: _____

Алу тәсілдері: _____

Аңшылық шаруашылығын жүргізу шартының нөмірі мен күні: _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Аң аулауды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға қатысатын адамдардың тізімі:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекендеу ортасынан алу үшін жоспарланып отырған объектілердің тізбесі мен саны:

Жануарлардың түрлері	Саны (дарақтар)	Аудан (аумақ) және учаске шекарасы

Жалпы құны (теңге) _____

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда): _____

Алу мерзімі: _____ бастап _____ дейін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер ұсынғаным үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінімнің берілген күні 20__ жылғы "___" _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЭЦҚ)

Тізбесіне 2-қосымша
Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсаттар

беру қағидаларына
6-қосымша

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 1. Аң аулау 2. Жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ эпизоотияны болдырмау мақсатында пайдалану 3. Жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалану		
1	Көрсетілетін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті берушінің атауы	Жергілікті атқарушы органдар
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"цифрлық үкіметтің" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	цифрлық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың мынадай түрлеріне беріледі: 1) аң аулау; 2) жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індетті болдырмау мақсатында пайдалану; 3) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалану. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: цифрлық
		Мемлекеттік қызмет ақылы/ақысыз негізде көрсетіледі. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 629-бабының 2-тармағына сәйкес алынады. Төлем қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) арқылы жүргізіледі. Төлемақы сомасы жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері

алған жер бойынша бюджетке төленеді.

Төлемақы:

1) жануарларды кейіннен табиғи ортаға шығара отырып, ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарда оларды таңбалау, сақиналау, қоныс аудару, жерсіндіру, жасанды жолмен өсіру және будандастыру мақсатында табиғи ортадан алу кезінде;

2) жеке және заңды тұлғалардың жасанды жолмен өсірілген, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын меншігі болып табылатын жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану кезінде;

3) халықтың денсаулығын қорғау, ауылшаруашылық және басқа да үй жануарларын аурулардан сақтау, қоршаған ортаға залал келтірудің алдын алу, ауылшаруашылық қызметіне елеулі залал келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алып қою кезінде алынбайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда орналастырылған.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған цифрлық құжат нысанындағы өтініш осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлар дүниесін пайдалануға (аң аулауға, жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індетті болдырмау мақсатында, жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға) рұқсаттар беру кезінде. Пайдалану түріне байланысты қосымша: 1) аң аулауға (алғаш рет жүгінген кезде): жануарлар дүниесі объектілерін алып қою шетелдіктердің қатысуымен жүргізілген жағдайда – аңшылық шаруашылығы субъектісінің шетелдіктермен аң аулауды ұйымдастыруға арналған шартының цифрлық көшірмесі; 2) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға: жануарлар дүниесі объектілерін алып коюды негіздейтін материалдардың цифрлық көшірмесі (бар биологиялық негіздеме) беріледі. 3) жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індеттің алдын алу мақсатында пайдалануға: індет мониторингінен басқа, бейіндеуші ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан үзіндінің және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасының цифрлық көшірмесі, жануарлар дүниесі объектілерін алып коюды негіздейтін материалдардың цифрлық көшірмесі (биологиялық негіздеме);

		індетті болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасында жануарлар аурулары індетінің мониторингі үшін ветеринария саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік ветеринариялық ұйымының жыл сайынғы жұмыс жоспарының цифрлық көшірмесі; Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы нәтижені беру күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның (ЭЦҚ - сымен) қойылады және портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" цифрлық құжат нысанында жіберіледі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан

		айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады; 5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы цифрлық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тізбесіне 3-қосымша
Жануарларды
интродукциялауды,
реинтродукциялауды және
будандастыруды жүргізуге
рұқсат беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(уәкілетті органның толық атауы)

(заңды тұлғаның атауы не жеке
тұлғаның

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(мекенжайы, телефон және факс нөмірі
)

(бизнес-сәйкестендіру
нөмірі/жеке сәйкестендіру
нөмірі)

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беруге өтінім Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге (қажеттісінің астын сызу) рұқсат беруді сұраймын.

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізудің мақсаты _____

Жануар түрі _____

Жануардың саны мен салмағы _____

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізудің мерзімі _____

Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізу ауданы _____

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және теріс мәліметтер ұсынғаным үшін

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.
Цифрлық

жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңба

Тізбесіне 4-қосымша
Жануарларды
интродукциялауды,
реинтродукциялауды және
будандастыруды жүргізуге
рұқсат беру қағидаларына
2-қосымша

"Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және гибридтеу өндірісіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Цифрлық (толық автоматтандырылған)
		Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	будандастыруды жүргізуге рұқсат беру не уәжді бас тарту. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: цифрлық
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Ақысыз
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру: сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда орналастырылған.
		1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған цифрлық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті берушіге өтінімі;

8	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	2) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге арналған биологиялық негіздеменің цифрлық көшірмесі. Жеке басын куәландаратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу немесе жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастау туралы мәліметтерді көрсетілген қызметтерді беруші "Цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті цифрлық жүйелерден алады.
